

**2022 жылға дейінгі қалдықтармен жұмыс істеу бойынша халық арасында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы

---

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 182-бабы 1-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес отырысының 2017 жылғы 19 қазандағы № 17-3/07-616 хаттамасының 4-тармағы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2022 жылға дейінгі қалдықтармен жұмыс істеу бойынша халық арасында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері:

1) Іс-шаралар жоспары тармақтарының орындалуын қамтамасыз етсін;

2) бекітілген мерзімдерде Іс-шаралар жоспары тармақтарының орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министрдің  
міндетін атқарушы*

*М.  
Досмұхамбетов*

"Келісілді"  
Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрі

---

"Келісілді"  
Қазақстан  
Республикасының  
Білім және ғылым  
министрі

---

2018 жылғы " \_\_\_\_ "

---

2018 ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ "

Қазақстан  
Республикасы  
Энергетика  
министрінің  
міндетін  
атқарушының  
2018 жылғы 5  
қаңтардағы  
№ 4  
бұйрығымен  
бекітілген

2022 жылға дейінгі қалдықтармен жұмыс істеу бойынша  
халық арасында  
түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, қоғамда экологиялық сана  
мен мәдениетті  
қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімде
1	2	3	4	5
1.	Халық арасында түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	НҚА-ға ұсыныстар	ЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, БҒМ, АҚМ	2018 жыл сәуір
2.	Қалдықтарды пайдалану, қоршаған ортаға ұқыпты қарау бойынша құзыретті қалыптастыратын мектепке дейінгі,	Ұсыныстар	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жыл сәуір

	мектептегі, орта-кәсіби оқу орындарының оқу бағдаламаларына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтардың білім беру бағдарламаларына ұсыныс әзірлеу			
3.	Қалдықтарды пайдалану, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәселелері бойынша тақырыптарды оқу курстары және тақырыптар бөлімінде мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ЭМ-ге ұсыныс	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жыл маусым
4.	Қалдықтарды бөлек жинаудың тиімді жүйесін енгізу бойынша, қалдықтарды тиімді сұрыптаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің технологияларын әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	ЭМ-ге ақпарат	БҒМ, облыстардың, Астана Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса
5.	Қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша ақпараттық-анықтамалық	Ақпараттық-анықтамалық материалдар, бейнематериалдар	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса

	<p>материалдарды (мақалалар, баннерлер, инфографиктер, оқиғалар қатары және т.б.) әзірлеу және оларды стендтерде, интернет- ресурстарда, қоғамдық орындарда (қоғамдық көлік, автобус аялдамалары, парктер, скверлер және т.б.) мерзімді басылым басылымдарында орналастыру, сондай-ақ қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бейнематериалдар (бейнероликтер, инфографиктер, телеграфиктер) әзірлеу және жергілікті телеарналардан көрсету</p>		
<p>6. Қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері бойынша ақпараттық- анықтамалық материалдарды (мақалалар, инфографиктер, оқиғалар қатары және т.б.) әзірлеу және оларды интернет ресурстарда</p>	<p>Ақпараттық- анықтамалық материалдар, бейнематериалдар</p>	<p>ЭМ</p>	<p>Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса</p>

	<p>мерзімді басылым басылымдарында орналастыру, сондай-ақ мемлекеттік телеарналардан көрсету мақсатында қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бейнематериалдар (бейнероликтер, инфографиктер, телеграфиктер) әзірлеу</p>			
7.	<p>Қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бейнематериалдарды мемлекеттік телеарналар эфирінде көрсету, сондай-ақ мемлекеттік телеарналардың эфирінде арнайы инфографиктер мен телеграфиктерді шығару</p>	ЭМ-ге ақпарат	АКМ	Жыл сайымы 2018-2020 жылдары желтоқсан
8.	<p>Қалдықтармен жұмыс істеу мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында (телеарналарда, баспа басылымдарында (газеттер, журналдар), интернет</p>	БАҚ-та жариялымдар	ЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайымы 2018-2020 жылдары желтоқсан

	ресурстарда) жарыққа шығару			
9.	Қоршаған ортаға ұқыпты қарау және табиғи ресурстарды рационалды пайдалану бойынша мектепке дейінгі оқу орындарында, мектептерде, жоғары оқу орындарында дәрістер; сурет байқауларын; плакат, үндеу парақтары, сурет байқауларын; танымдық және интеллектуалдық ойындар; экологиялық акциялар және жобалар; викториналар; экскурсиялар; мастер-кластар; эссе, ашық сабақтар және басқа да білім беру және танымдық іс-шаралар өткізу	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, БҒМ	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса
10.	Қатты тұрмыстық қалдықтардың жеке түрлерін бөлек жинау үшін халық арасында түсіндіру бойынша волонтерлерді дайындау бойынша тренингтер өткізу	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса
11.	Орта (колледждерді қоса алғанда), жоғары оқу орындарында оқитын	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса

	өскелең ұрпақта экологиялық сананы тәрбилеу мақсатында қоқысты қайта өңдеу объектілеріне, ҚТҚ полигондары мен үйінділеріне экскурсия жүргізу		әкімдіктері БҒМ	
12.	Қатты тұрмыстық қалдықтардың жеке түрлерін контейнерлерді орната отырып бөлек жинау сынамалы жобаларын енгізу, оның ішінде оқу орындарында, ЖОО оқу ғимараттарында, жатақханаларында, сауда орталықтарында және т.б., сондай- ақ тұрғындарды олардың орнатылған орындары туралы хабардар ету	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса
13.	Қалдықтарды пайдалану мәселелері бойынша халықаралық конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кеңестер өткізу	ЭМ-ге ақпарат	ЭМ БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса
14.	Тұрғындар арасында "Ең таза көше", "Ең үздік аула", т.б. тақырыптарда конкурстар өткізу	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайы 2018-202 жылдары желтоқса

15.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдалану бойынша талаптарды түсіндіру бойынша халықпен жиналыс өткізу	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайымы 2018-2020 жылдары желтоқсан
16.	Қалдықтарды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қоғамдық ұйымдарды тарту	ЭМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл сайымы 2018-2020 жылдары желтоқсан
17.	Осы Іс-шаралар жоспарының орындалу барысын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңестің отырыстарында қарастыру	Хаттама	ЭМ	ҚР Президентінің жанындағы "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңес жұмысының жоспар-кестесін сәйкес

**Қысқартулар тізімі:**

ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АКМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі